

"Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдалануындағы автомобиль жолдарының жіктелу тәртібі мен тізбесін бекіту туралы" 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1809 және "Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 қаулыларын жүзеге асыру туралы" Қостанай облысы әкімінің 2000 жылғы 21 желтоқсандағы 240 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әкімінің шешімі 2001 жылғы 16 қаңтардағы №N 6 Қостанай облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 6 ақпанда N 599 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімінің 2011 жылғы 11 шілдедегі № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімінің 2011.07.11 № 9 шешімімен.

"Автомобиль жолдарының қызмет етуін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттің несиегерлік берешегін өтеу мақсатында

ШЕШТІМ:

"Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдалануындағы автомобиль жолдарының жіктелу тәртібі мен тізбесін бекіту туралы" 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N№1809 және "Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 P001527_ қаулыларын жүзеге асыру туралы" Қостанай облысы әкімінің 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N 240 шешімінің 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші азат жолмен толықтырылсын:

"Автомобиль жолдарының қызмет етуін қамтамасыз етудің жергілікті бюджеттік бағдарламасын орындау бөлігінде (өзара берешектерді салыстыру актісіне сәйкес) 2001 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша автомобиль жолдары мемлекеттік мекемесі берешегінің құқықты иеленушісі болып, Қостанай облысының инфрақұрылым және құрылыс департаменті белгіленсін."

Облыс әкімі